

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы  
8 ғимарат, тел.: +7(7172) 74-38-01, факс: +7 (7172) 74-38-24  
e-mail: info@ economy.gov.kz

010000, город Астана, район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел  
здание 8, тел.: +7(7172) 74-38-01, факс: +7(7172) 74-38-24  
e-mail: info@economy.gov.kz

№

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2023 жылғы 26 маусымдағы  
№ ДС-275 депутаттық сауалға.

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – *Министрлік*), Сіздердің 2023 жылғы 26 маусымдағы № ДС-275 депутаттық сауалдарыңыз бойынша келесіні хабарлайды.

1. Тірек және соның төңірегіндегі серіктес деген санаттарға жатқызылған, сондай-ақ, мемлекет дамытпайтын шалғайдағы ауылдық елді-мекендердің толық тізбесі қосымшаға сәйкес жолдаймыз.

2. «Болашағы бар» және «болашағы жоқ» ауылдар тізімі қандай критерийлер бойынша анықталғанына қатысты.

«Ауыл – Ел бесігі» жобасын тиімді іске асыру мақсатында Әдістеме (ҰЭМ-нің 13.09.2019 ж. №81 бұйрығы) әзірленді, онда ауылдық елді мекендердің (бұдан әрі – АЕМ) әлеуетін айқындау критерийлері бекітілді, олар 4 блок бойынша есептеледі: демография (50 балл), инфрақұрылым (30 балл), экономика (20 балл) және геокеңістіктік ереже.

Бұл Әдістеме мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен келісілген.

Әдістемені әзірлеу кезінде бағалаудың 150-ден астам көрсеткіші, оның ішінде халық санының өсу серпіні, мал мен өсімдік шаруашылығы, халықтың жұмыспен қамтылуының өсу серпіні, олардың ірі елді мекендерге жақындығы және т. б. қаралды.

Сонымен қатар, Әдістемеді демография, инфрақұрылымдық және экономикалық даму динамикасының көрсеткіштерімен сипатталатын өмір сүру сапасын арттыруға баса назар аударылады. Бұл ретте, демография көрсеткіштері экономикалық көрсеткіштермен тығыз байланысты және ауылдың тартымдылығы мен әлеуетінің негізгі индикаторлары болып табылады. Бұл көрсеткіштердің оң серпіні ауыл экономикасының мүмкіндіктері, инфрақұрылымдық жағдайлары және жалпы өсуі туралы баға береді.

Бұл ретте, осы өлшемдер АЕМ айқындау үшін олардың әлеуметтік-экономикалық даму әлеуетін есептеуге арналған.

Даму әлеуеті бар ауылдардың (*стратегиялық АЕМ-ді қоса алғанда, тірек және спутниктік*) тізбесін жергілікті атқарушы органдар өңірлік даму саласындағы орталық уәкілетті органмен келісу бойынша және өңірлік даму саласындағы уәкілетті орган бекіткен өлшемшарттарға (*әдістемеге*) сәйкес айқындайды және бекітеді.

*3. Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларына қатысты.*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ақпаратына сәйкес, демографиялық дисбаланс және солтүстік өңірлерде кадр тапшылығы мәселелерін шешу үшін жұмыс күші артық өңірлерден (*Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Жетісу, Түркістан облыстары және Алматы, Астана, Шымкент қалалары*) жұмыс күші тапшы өңірлерге (*Ақмола, Абай, ШҚО, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, СҚО және Ұлытау облыстары*) ерікті түрде қоныстандыру бағдарламасы іске асырылады.

Ерікті түрде қоныстандыру механизмі «Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің № 234 бұйрығымен (бұдан әрі – қағида) реттеледі.

Қағидаға сәйкес жергілікті атқарушы орган қоныс аудару үшін экономикалық әлеуеті орташа және жоғары ауылдық елді мекендер, шағын және моноқалалар, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ экономикалық өсу орталығы қатарынан елді мекендердің тізбесін жасақтайды.

Ерікті түрде жұмыс күші тапшы өңірлерге қоныстанған жағдайда қандастар мен қоныс аударушыларға келесідей мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі:

1) жұмыскердің қоныс аударуы жұмыс берушінің есебінен іске асырылған жағдайды қоспағанда, адамдарға және оның отбасы мүшелеріне материалдық көмек беруді;

2) жұмыс беруші жұмыскерге тұрғын үй-жай ұсынған жағдайларды қоспағанда, тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй немесе жатақханалардан бөлме беруді;

3) жұмыс берушінің қажеттілігі бар болған кезде кәсіптік оқытуды;

4) жаңа тұрғылықты жерде жұмысқа орналасуға жәрдемдесуді қамтиды.

Материалдық көмек ішіне қоныс аударғаны үшін қатысушылар отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК көлемінде шығыстарын өтеу, отбасыға 15-тен 30 АЕК-ке дейін көлемде тұрғын үй жалдау шығыстарын өтеу, қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушілерге тұрақты жұмысқа орналастырғаны үшін 400 АЕК көлемінде субсидия беру сияқты қаржылай көмекті атауға болады.

Сондай-ақ, 2022 жылы қабылданған жаңа Көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдама аясында қоныс аударушылардың

отбасыларына тұрғын үй құнының 50%, алайда 4 млн. теңгеден аспайтын экономикалық ұтқырлық сертификатын беру механизмі іске қосылды.

*Анықтама ретінде. Сертификаттарды ұсыну үшін 2023 жылы 10,1 млрд.теңге қаражат бөлініп, жалпы сипаттағы трансферттер арқылы жергілікті бюджетке берілді.*

Шұғыл мәліметтерге сәйкес ағымдағы жылғы 1 тамыз жағдай бойынша солтүстік өңірлерге қоныс аударған 1 471 отбасының 200-ден астамы тұрғын үй сатып алуға экономикалық ұтқырлық сертификатын алды.

Сонымен қатар, солтүстік өңірлерге қоныстандыруды ынталандыру мақсатында қағидаға қоныс аударуға жәрдемдескен жұмыс берушілерге жоғарыда аталған көлемде экономикалық ұтқырлық сертификатын ұсын бөлігінде өзгерістер енгізілді.

Бұдан басқа, қоныс аударушылар «Ауыл аманаты» жобасы шеңберінде сыйақы мөлшерлемесі 2,5%-дан аспайтын ең жоғары 7 жылға дейінгі мерзімде микрокредиттер алуға мүмкіндіктері бар.

Ағымдағы жылы «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру үшін қосымша 18 мың жұмыс орындарын құру арқылы 17 мыңнан аса шағын кредит беру үшін 100 млрд. теңге (2,5%-дан аспайтын 7 жылға дейінгі), оның ішінде солтүстік өңірлерде 10,6 млрд.теңгеден аса қаражат бөлінген.

Жалпы, 7 жыл ішінде ауылдық жерлерде 350 мыңнан аса сапалы жұмыс орындары құрылады. Олардың көбісі солтүстік өңірлерде ашылады, бұл қоныс аударушылар үшін аталған өңірлердің тартымдылығын көтереді.

Ағымдағы жылы якорлық өндірістік-инвестициялық жобаларды іске асыру үшін 100 млрд. теңге қаражат бөлініп, 65-тен аса тауарлы-сүт фермаларының, оның ішінде солтүстік өңірлерде жұмыс күші артық өңірлерден мамандарды тарта отырып, 2 мыңдай жаңа жұмыс орындарын құру арқылы 45 ТСФ құрылысы жоспарланған.

Жергілікті атқарушы органдармен жұмыспен қамтудың өңірлік карталары бекітіліп, онда 2023 жылы 947,8 мың адамды, оның ішінде ұлттық жобалар аясында 249 мың адам, бос жұмыс орындарына 320 мың адам, Мемлекет Басшысының «10 мың тұрғынға 100 жұмыс орны» бастамасы аясында 342 адамды жұмысқа орналастыру көзделген.

Қазіргі уақытта, 536,7 мың адам, оның ішінде 184,7 мың адам ұлттық жобалар аясында, 157,6 мың адам бос жұмыс орындарына және 194,5 мың адам Мемлекет Басшысының бастамасы аясында жұмысқа орналасты. ,

Қоныс аударуды ынталандыру мақсатында оңтүстік өңірлерде солтүстік өңірлердің жұмыс берушілерін тарта отырып, бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізіледі. Мысалға, ағымдағы жылы Түркістан, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында және Алматы қаласында «AMANAT» партиясының филиалы өкілдерінің қатысуымен бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізілді.

Бұдан басқа, этникалық көші-қонды реттеу бойынша әдістер қайта қаралды. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, шетелде тұратын этникалық қазақтардың қандас мәртебесін алуға өтінішін ҚР СІМ шетелдегі мекемесі арқылы еліміздің аумағында қандастарды «бір терезе» қағидаты бойынша орналастырудың жаңа механизмі енгізілді.

Жаңа механизм пилоттық режимде бірқатар елдерде іске асырылуда. Этникалық қазақтар елге келгенге дейін келу өңірлері бойынша, жұмыс орындары, бос жер учаскелері, әлеуметтік-инфрақұрылыммен қамтылғандығы туралы консультация алады.

Қазіргі уақытта, солтүстік өңірлерге көшу үшін 1 997 (663 отбасы) этникалық қазақтардан өтініш қабылданды, оның 1 928 (640 отбасы) рұқсат алды.

*4. Солтүстік және Шығыс Қазақстан облыстарының шекаралық аймақтарын халықпен тығыз орналастырып, оларды жұмыспен қамтамасыз етіп, әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу бағытында жұмыстар жүргізуге қатысты.*

Министрлік еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтудың негізгі мәселелерінің бірі болып саналатын, Мемлекеттік шекарамызды қорғауды қамтамасыз ететін шекара бөлімдерінің инфрақұрылымын дамыту шараларын қолдайды.

Президенттің сегізінші сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында берілген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 12-тармағы бойынша, 10.04.2023 жылғы №23-01-38.17.2023 жылғы 19 мамырдағы №8889 ПАБ тапсырмаға сәйкес Министрлік мүдделі мемлекеттік органдар мен шекара маңы облыстарының әкімдіктерімен бірлесіп «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №270 қаулысына (*бұдан әрі – Тұжырымдама*) өзгеріс пен толықтыру енгізілді, шекара маңы аумақтарын дамыту бөлігінде жеке «Шекара маңы аумақтарын дамыту» бөлімі қосылды және ҚР Үкіметінің 1.07.2023 жылғы №539 қаулысымен бекітілді.

Тұжырымдама шеңберінде шекара маңындағы өңірлердің әрбір түрін дамыту үшін тәсілдер мен шаралар айқындалды. Шекара маңы аумақтарында тіркелген және өз қызметін жүзеге асыратын ШОБ субъектілерін мемлекеттік қолдау, индустриялық және өнеркәсіптік аймақтардың инфрақұрылымын құру мен дамытуды қолдау, ауыл шаруашылығын дамыту, «Ауыл – Ел бесігі» шеңберінде инфрақұрылымды дамыту сияқты шаралар және тиісті нысаналы индикаторлар көзделген.

Халықтың көші-қон ағынын азайту және еңбегі артық өңірлерден еңбек мигранттарын тарту мақсатында еңбек тапшылығы бар облыстардың шекаралас елді мекендерінде еңбек тапшылығы бар облыстардың шалғай солтүстік және шығыс шекара маңы ауылдық округтеріндегі жұмысы үшін бюджеттік ұйымдардың талап етілетін мамандықтары бойынша жалақыға ауылдық үстемеақыны 50% - ға дейін енгізу мәселесі пысықталатын болады.

Бұдан басқа, бюджеттік ұйымдарда талап етілетін мамандықтар бойынша еңбек қызметін жүзеге асыратын экстремалды табиғи-климаттық жағдайлары бар (жылу беру маусымы 9 ай) шалғай шекара маңындағы ауылдық округтердің тұрғындары үшін оларды әлеуметтік және еңбекпен қамтамасыз ету мүмкіндігі қаралады.

ҚХР-мен шектесетін шекаралас аудандардың (*Катонқарағай, Үлкен Нарын,*

*Күршім, Марқакөл, Мақанишы және басқалары) әкімшілік-аумақтық маңыздылығын арттыруға ерекше назар аударылатын болады.*

*Жоғарыда аталған қолдау шаралары шекара маңындағы аумақтардың одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді.*

*Қосымша: тірек және соның төңірегіндегі серіктес деген санаттарға жатқызылған ауылдық елді мекендер тізімі \_\_ парақта.*

**Вице-министр**

**Б. Омарбеков**

*орын. А.Әбішев.  
☎ тел. 74-36-63*